

# Шетелдік ғалымдармен байланыс — ғылым, білім, тәжірибе алмасу

**Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының «Информатика» кафедрасы үшін 2018 жыл ғылым, білім, тәжірибе алмасу бағыттары бойынша өте жақсы нәтижелер берді. Институт ректоры С.Б. Қуанышбаевтың қолдауымен, кафедра менгерушісі Ә. Ескермесұлының ұсынысы бойынша шетелдік ғалымдар келді.**

Алғашқы қонағымыз педагогика ғылымдарының докторы, профессор Г.Е. Сенъкина Ресейдің «Федералдық мемлекеттік бюджеттік жоғары білім беру мекемесі», Смоленск мемлекеттік университеттінен шақыртылды.

Гүлжан Ержанқызы студенттер мен оқытушыларға дәріс сабактары мен біліктілікті арттыру курсын өткізді. Курс сонында сертификат берілді. Осы кісінің келу қарсаңында информатика кафедрасының ұйымдастырылған «Рухани жаңғыру» аясында «Білім берудегі сандық технологиялар: мәселелері мен келешегі» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өткізілді.

Сонымен қатар Г.Е. Сенъкина осы конференцияға қатысып, өзінің «Летняя школа для учителей математики как средство повышения квалификации учителей в условиях цифрового образования» тақырыбындағы баяндамасымен өз пікірін айттып, тәжірибесімен белгілі.

Келесі «Международное сотрудничество вузов России и Казахстана в условиях цифровизации образования: на примере Смоленского государственного университета и Аркалыкского государственного педагогического института им. И. Алтынсарина» тақырыбындағы баяндама Г.Е. Сенъкинаның Ә. Ескермесұлымен бірігіп орындалған ғылыми жұмыстардың нәтижесі. Бұл мақалада Ресей Федерациясы Смоленск мемлекеттік университеттінің және Қазақстан Республикасы Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының білім беруді цифрандыру жағдайында халықаралық ынтымақтастық ерекшеліктерінің қысқаша сипаттамасы берілген.

Уфа қаласынан келген ф.-м.ғ.к., доцент Валеев Нурмухамет Фуатович «Математикалық және компьютерлік модельдеу» тақырыбы бойынша информатика кафедрасының студенттері мен оқытушыларына 72 сағат көлемінде біліктілікті арттыру курсын өткізді. Курстан өткен студенттер мен оқытушыларға сертификат берілді.

«ЖАҢА ЗАМАНҒА – ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ» атты информатика кафедрасының аттальығына информатика мамандығы студенттерінің 100 пайзызы қатысты. Кафедраның аға оқытушысы, магистр Сундетбаева А.Ж. және оқытушысы, магистр Илубаев М.А. жетекшілігімен студенттер арасында ұйымдастырылған аттальық жоспары бойынша «Информатика» пәнінен олимпиада өтті. Кафедра менгерушісі, PhD А. Ескермесұлының жетекшілігімен ұйымдастырылған аттальық жоспарында «Сандық технология – әлемдік дамудың айнасы» тақырыбында ғылыми жобалар сайысы өтті. 4 курс студенттері «ЖАҢА ЗАМАНҒА – ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ» атты аттальықтың қарсаңында «ИНФО - FRIENDS» интеллектуалдық ойынын өткізді. Ол сайысқа 1-3 курс студенттері қатынасты. Эр топтан 3 студенттен шығу арқылы «жасырын таңдау» бойынша 3 команда құрылды. Эрбір команда өздерінің командасының атауын, ұранымен таныстырыды. «ИНФО - FRIENDS» интеллектуалдық ойынының міндеті: 5B011100 – «Информатика» және 5B012700 – «Математика - информатика» мамандығының студенттерін қазіргі заманғы сандық технология мүмкіндіктерін білім саласында және қогамдық өмірде қолдана білу, ұштастыру, білімін жетілдіру. Қорыта келе, барлық жоғарыда көрсетілген жобалар жұмысы жоғары деңгейде жасалынған, бірақ көп дайындықты талап етеді. Қолданыста жүрген қолданбалы бағдарламалардың мүмкіндіктерін ғана атап көрсеттеп, сол бағдарламаға өзіміз ұсыныс ретінде өзгертулер енгізсек соңда біздің жоба жұмысымыз әлде қайда жоғары көрсеткіштерге ие боллады деген сенімдеміз.

Осы атаптып отырған іс шараларға келген қонағымыз Нурмухамет Фуатович қатысып, өз пікірін айттып оң бағасын беріп кетті.

**Б. НАЗАРОВА,  
А. СҮНДЕТБАЕВА,  
информатика кафедрасы.**